



Етістіктің шақтарын қайталау




пән: қазақ тілі
сынып: 7

оқытушы: Кунуспекова М.Р.



Сабақтың мақсаты:

- 1. Білімділік:** Етістік туралы білімдерін кеңейту. Етістіктің өткен, осы және келер шақ түрлерін қайталау, жаттығулар арқылы білімдерін бекіту.
- 2. Дамытушылық:** Танымдық қабілеттерін, қайта жаңғыртып есте сақтау қабілетін, сөйлеу тілін, сөздік қорын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- 3. Тәрбиелік:** Абайдың лирикасы арқылы тіл және әдебиет пәндеріне сүйіспеншілік туғызу.



Сабақтың түрі: Қайталау
Сабақтың әдісі: “Кубизм”
стратегиясы, сұрақ-жауап,
жаттығулар орындау.
Сабақ көрнекілігі:
интербелсенді тақта.
Пәнаралық байланыс:
қазақ әдебиеті



Ой қозғау.

“Кубизм” стратегиясы

- 1. Етістіктің шақтары дегенді қалай түсінесіздер?**
- 2. Шақтың қандай түрлері бар және олар қалай бөлінеді?**
- 3. Осы шақ деген не?
Нақ осы шақ қалай жасалады?**
- 4. Ауыспалы өткен шақ пен ауыспалы келер шақтың ұқсастықтары қандай?**
- 5. Келер шақ деген не? Келер шақтың қандай түрлері бар және олар қалай жасалады?**
- 6. Өткен шақтың қандай түрлері бар. Жасалуы.**



Шақтың түрлері



Осы шақ

Келер шақ

Өткен шақ



ОСЫ ШАҚ

**Нақ осы
шақ**

**Ауыспалы
осы шақ**

КЕЛЕР ШАҚ

Болжалды
келер
шақ

Ауыспалы
келер
шақ


Мақсатты
келер
шақ



ӨТКЕН ШАҚ



ЖЕДЕЛ
ӨТКЕН
ШАҚ



БҰРЫНҒЫ
ӨТКЕН
ШАҚ



АУЫСПАЛЫ
ӨТКЕН
ШАҚ



**Абай Құнанбаев
(1845-1904)**

Ұлы ақын

Философ

Аудармашы

Табиғат лирикасы

Махаббат лирикасы

Композитор



Жазғытұры

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Тапсырма: Берілген өлеңді көшіріп
жазып, етістіктердің шағын белгіле.




Желсіз түнде жарық ай



Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің, топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Тау жаңғырып, ән қосып
Үрген ит пен айтаққа.
Келмеп пе едің жол тосып
Жолығуға аулаққа?



(Әнді орындау)



Семантикалық кестені толтыр

Мысал-дар	нақ осы шақ	ауысп. келер ш	Жедел өткен ш	мақс. келер ш	бұрынғ. өткен ш	ауысп. өткен ш	болж. келер ш
Жазды							
күлмес							
жатыр							
кетпекші							
Кешке келемін							
Алмады-ңыз							
айтыпты							
қарайтын							
барарсыз дар							
оқып отыр							
білген							

Семантикалық кестені толтыр

Мысал-дар	нақ осы шақ	ауысп. келер ш	Жедел өткен ш	мақс. келер ш	бұрынғ. өткен ш	ауысп. өткен ш	болж. келер ш
Жазды			+				
күлмес							+
жатыр	+						
кетпекші				+			
Кешке келемін		+					
Алмады-ңыз			+				
айтыпты					+		
қарайтын						+	
барарсыз дар							+
оқып отыр	+						
білген					+		

**Абай мына өлең жолдарына
морфологиялық талдау жаса.**

**Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім. (“Сегіз аяқ”)**

**Жасымда ғылым бар деп
ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
 (“Жасымда ғылым бар деп ескермедім”)**

**Мақсұтым –тіл ұстартып,
өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып,
көңілін ашпақ.
 (“Біреудің кісісі өлсе-қаралы ол”)**



Жаттығу орындау

Абай мен Ербол енді жүрмек болып, киіне бастады.

Әбіш айтқан сөзден шошынарын да,

қуанарын да

білмегендей. Құнанбай да тысқа шықты .Қыстауға

қонғаннан бері, кеш сайын Абай ешкімге

білдірмей, елеусіз ғана әжесімен оңаша қалады.

Бірнеше жылдар өтер. Абай үшін бұл, еңбек мезгілі,

өнер іздеу дәурені болмақ.

(М.Әуезов “Абай жолы”)

Тапсырма: Мәтінді көшіріп жаз, етістіктерге

талдау жаса

Сергіту сәті. «Кім шапшаң?»»

**Сандардың орнына әріпті қойып,
мақал-мәтелді табу.**

**А1, Б2, Д3, Ж4, З5, Қ6, Л7, М8, Р9, С10,
Т11, Ү12, Н13, Ұ14, Ө15, Ұ16, І17.**

1.6.12.7.10.12.5.3.12.

4.16.8.10.1.10.1.14. 1.9.11.12.13.1.13.

15.5.17.14. 2.1.9.1.9.10.12.14.

Дұрыс жауабы:
Ақылсызды
жұмсасаң,
Артынан өзің
барарсың



**1. Мына сөз тіркестерін
қатынастырып,
сөйлем құрап жаз.**

**Абай өлеңі, Көкбай
ақын, қонақтың бірі,
Әйгерім әні, ерте
келген, хатты алды**



Қорытынды:

**мақал-мәтелдер айту,
етістіктің шағын анықтау.**

ҚАЗАК
ТІЛІ

7

Үйге тапсырма.

Оқулықтан
52-жаттығуды
орындау.





Сау болыңыңыздар!



©KAGAYA

<http://www.hoshinavi.com/>